

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 28 желтоқсан 1994 ж. N 1478. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Құқықтық реформаны жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды жандандыру мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің заң шығару қызметіндегі ролін көтеру мақсатында және "Қазақстан Республикасының әділет органдары, мекемелері және нотариат қызметкерлерінің сыныптық шендері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 1669 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Мыналар бекітілсін:

Қазақстан Республикасының әділет органдары мекемелері және нотариат қызметкерлерінің сыныптық шені туралы Ереже бекітілсін және ол 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізілсін (N 1 қосымша); <*>

Ескерту. 1-тармақтың 3-ші абзацы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1995.12.19. N 1741 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 41

қ а у л ы с ы м е н .

2 . < * >

3 . < * >

Ескерту. 2,3-ші тармақтар күшін жойған - ҚР Үкіметінің 1995.12.19. N 1741 қ а у л ы с ы м е н .

4. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 9 қарашадағы N 1250 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 2 8 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 4 7 8 қ а у л ы с ы н а
N 1 қ о с ы м ш а

**Қазақстан Республикасының әділет органдары,
мекемелері және мемлекеттік нотариат қызметкерлерінің
сыныптық шендері туралы**

Ереже <*>

**Ескерту. Тақырыбы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 41
қаулысымен.**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүйесіндегі органдар мен мекемелердің басшыларына және мамандарына қоса облыстардың, Алматы қалалық басқармасының және Ленинск қалалық әділет бөлімінің, мемлекеттік нотариалдық кеңселердің, сондай-ақ әділет жүйесіне енетін ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлеріне сыныптық шендер беру тәртібін анықтайды.

2. Әділет органдары, мекемелері және мемлекеттік нотариат қызметкерлерінің сыныптық шені мынадай 10 сыныпқа бөлінеді.

Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік заң кеңесшісі	бірінші сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі
екінші сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі	үшінші сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі
бірінші сыныпты заң кеңесшісі	екінші сыныпты заң кеңесшісі
үшінші сыныпты заң кеңесшісі	бірінші сыныпты заңгер
екінші сыныпты заңгер	үшінші сыныпты заңгер

3. Атқаратын қызметі бойынша шекті шендер мыналар болып табылады:
Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік заң кеңесшісі

Қазақстан Республикасының Әділет министрі үшін
бірінші және екінші сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасарлары үшін
үшінші сыныпты мемлекеттік облыстық және соларға теңестірілген әділет басқармаларының

бастықтары, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі басқармаларының бастықтары үшін
ғылыми-зерттеу институттарының

басшылары үшін

бірінші сыныпты заң кеңесшісі басқарма бастықтарының орынбасарлары, бөлім бастықтары, кеңесші-консультанттар, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің көмекшісі үшін ғылыми-зерттеу институттары басшыларының орынбасарлары, ғылыми хатшылар үшін

екінші сыныпты заң кеңесшісі Бірінші мемлекеттік нотариалдық кеңселердің мемлекеттік аға нотариустері мен олардың орынбасарлары үшін бөлім бастықтарының орынбасарлары, бас мамандар мен бас ғылыми қызметкерлер үшін

үшінші сыныпты заң кеңесшісі жетекші мамандар, жетекші (аға) ғылыми қызметкерлер мен аға сарапшылар үшін мемлекеттік нотариалдық кеңселердің мемлекеттік аға нотариустері, Бірінші мемлекеттік нотариалдық кеңселердің мемлекеттік нотариустері үшін

бірінші сыныпты заңгер мемлекеттік нотариалдық кеңселердің мемлекеттік нотариустері үшін бірінші және екінші санаттағы мамандар, ғылыми қызметкерлер, сарапшылар үшін

екінші сыныпты заңгер мамандар, кіші ғылыми қызметкерлер үшін

үшінші сыныпты заңгер Мемлекеттік нотариалдық кеңселердің консультанттары үшін

4. Жұмысқа тұңғыш рет қабылданып отырған қызметкерлерге сыныптық шен беру сабақтастық тәртібімен жүргізіледі.

Біліктілігін, атқаратын лауазымын, жұмыс стажын, сыныптық шенін, бұрынғы жұмыс істеген немесе қызмет атқарған жері берген арнаулы және әскери атағын ескере отырып, жұмыс істейтін қызметкерлерге, әділет органдарына, мекемелеріне және мемлекеттік нотариатқа басшы қызметке тағайындалған адамдарға, сондай-ақ ғылыми дәрежесі мен атағы бар адамдарға бастапқы сыныптық шенді сабақтастық тәртібін сақтамай-ақ беруге болады.

5. Әрбір шенде болу мерзімі:
- | | |
|---|---------|
| үшінші сыныпты заңгерлер үшін | - 2 жыл |
| екінші және бірінші сыныпты заңгерлер үшін | - 3 жыл |
| екінші және үшінші сыныпты заң кеңесшілері үшін | - 4 жыл |
| бірінші сыныпты заң кеңесшілері үшін | - 5 жыл |
- Мемлекеттік заң кеңесшісінің шенінде болудың мерзімі белгіленбейді.

Қызметкерді жоғары лауазымға тағайындаған кезде сыныптық шен мерзімінен бұрын берілуі мүмкін.

6. Жұмысты айрықша жақсы атқарғаны үшін қызметкерге атқаратын лауазымы бойынша көзделген шенге қарамастан және онда болудың сабақтастығы мен мерзімін сақтамай-ақ екінші сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі шеніне дейін (қоса) беруге болады.

7. Мамандығы бойынша жұмыста тәжірибесі жоқ қызметкерлерге сыныптық шен лауазымға тағайындалғаннан кейін кемінде 6 айдан соң, ал жас мамандарға - сынақ мерзімі бітіп, лауазымға бекітілгеннен кейін беріледі.

8. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік заң кеңесшісі, 1, 2 және 3 сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі сыныптық шендерін Қазақстан Республикасы Конституциясының 78 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі орталық аппаратының, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері үшін 1, 2 және 3 сыныпты заң кеңесшісі сыныптық шендерін, сондай-ақ 1, 2 және 3 сыныпты заңгер шендерін Қазақстан Республикасының Әділет министрі береді.

1, 2 және 3 сыныпты заңгер сыныптық шендерін облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары әділет басқармаларының (бөлімдерінің) бастықтары береді.

9. Әділет органдары мен мекемелерінде және мемлекеттік нотариатта жұмыс істеумен сыйыспайтын әрекеті үшін жұмыстан шығарылған әділет қызметкерлері сыныптық шеннен айырылуы мүмкін.

10. Қызметтегі парызын өрескел бұзғаны, ұятқа қалдыратын теріс қылығы немесе қызметтік міндетті ұдайы дұрыс атқармағаны үшін қызметкердің шені төмендетілуі мүмкін, бірақ оны иелігіндегі шеннен екі сыныптық шеннен әріге төмендетуге болмайды.

11. Сыныптық шеннен айыруды және шенін төмендетуді сол шенді берген лауазымды адамдар жүргізеді.

12. Сыныптық шеннен айыру және шенін төмендету туралы Қазақстан Республикасының Президенті қабылдаған шешім түпкілікті әрі шағым жасауға жатпайды.

Сыныптық шеннен айыру және шенін төмендету туралы басқа лауазымды

адамдар қабылдаған шешімге бағыныстылық тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

13. Әділет органдары, мекемелері және мемлекеттік нотариат қызметкерлерінен сыныптық шен беруге ұсынудың тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрі айқындайды.

14. Әділет органдарының, мекемелерінің және мемлекеттік нотариаттың сыныптық шені бар қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ай сайын мынадай мөлшерде (процентпен) қосымша ақы белгіленеді:

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік заң кеңесшісі	30
I сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі	30
II сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі	25
III сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі	25
I сыныпты заң кеңесшісі	22
II сыныпты заң кеңесшісі	22
III сыныпты заң кеңесшісі	20
I сыныпты заңгер	20
II сыныпты заңгер	17
III сыныпты заңгер	15

1 5 . < * >

Ескерту. 15-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 41 қаулысымен.

16. Мамандығы бойынша жұмыс стажына: <*>

а) жоғары және орталау заң білімі бар мамандар орнын алмастыруға жататын сот орындарындағы лауазымдарда жұмыс істеген уақыты;

б) жоғары заң білімі бар мамандар орнын алмастыруға жататын әділет органдарындағы, мекемелеріндегі және адвокаттар алқаларындағы лауазымдарда жұмыс істеген уақыты;

в) мемлекеттік төрелік органдарында төрелік соттың төрешісі мен судья ретінде жұмыс істеген уақыты;

г) сыныптық шен беруді көздейтін лауазымға тағайындалған күннен бастап прокуратура органдарындағы қызмет уақыты;

д) офицерлік жедел тергеу лауазымында ішкі істер және мемлекеттік (ұлттық) қауіпсіздік органдарындағы қызмет уақыты;

е) заңгер мамандығы бойынша мемлекеттік өкімет пен басқару органдарында, кәсіпорындарда, ұйымдарда және мекемелерде жұмыс істеген уақыты;

ж) заңгер мамандығы бойынша ғылыми және педагогикалық жұмыста болған уақыты енгізіледі. < * >

Ескерту. 16-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 41

қаулысымен.

17. Мамандығы бойынша жұмыс стажын, құрылымы мен қызмет тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрі белгілейтін комиссия айқындайды.

< * >

Ескерту. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 41 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 28 желтоқсандағы
N 1478 қаулысына
N 2 қосымша

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
орталық аппаратының**

Құрылымы

Б а с ш ы л ы қ

Заң шығару бас басқармасы

Халықаралық құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (жетекші)

Соттардың жұмыстарын ұйымдастыру басқармасы (жетекші)

Қоғамдық және діни бірлестіктер істері жөніндегі басқарма
(ж е т е к ш і)

Кадр және оқу орындары басқармасы (жетекші)

Әскери сот басқармасы (жетекші)

Бірінші және құқықтық статистика бөлімі (жетекші)

Нотариат, азаматтардың хал актілерін тіркеу және адвокатура
б ө л і м і (ж е т е к ш і)

Заң қызметі және құқықтық тәрбие бөлімі (жетекші)

Жоспарлау-қаржы бөлімі (жетекші)

Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі (дербес)

Ұйымдастыру-бақылау басқармасы (дербес)

Шаруашылық қамтамасыз ету және жабдықтау басқармасы (дербес)